Соққыш арқан әдісі сулы горизонттарды сынап, күрделі гидрогеологиялық пайдалану жүзеге асырылады. Осындай бұрғылау әдісі 150 метрден аспайды.

Ұңғыманы таңдаған жағдайда оның құрылымы ыңғайлы, әрі қарапайым болуы қажет. Ол ұзақ уақытқа жарамды болуы керек. Ол ең аз көлемде корпусты құбырлармен біріктіріледі.

Барлау және пайдалану ұңғымалары мынадай құрылымдардан тұрады:

1) Су жинағыш бөлім;

2) Ұңғыманың тереңдігі;

3) Бағана саны;

4) Колонна диаметрі;

5) Арнайы қондырғылар;

6) Бағандардың түсу тереңдігі;

Ауылдың сұранысын ескеріп 4 жұмыс ұңғымасын және 1 резервтік ұңғыманы абылдаймыз. Сол арқылы оның орналасу қатарын және сақиналы жүйені қабылдаймыз. Ұңғымалар арасындағы қашықтық олардың әсер етуші радиусына байланысты.

1.4.4 Сүзгі таңдау және сүзгінің құрылымдық есебі

Ұңғымадан келетін судың құрамында түрлі қоспалар болуы мүмкін. Санитарлық талаптарға және нормаларға сай болуы үшін ұңғыма сүзгісін қолданамыз. Тазалау дәрежесі басқаша болуы мүмкін. Барлығы сүзгінің суды қалай тазартуына байланысты.

Су алу қабаты қиыршық тас болуына байланысты, сүзгінің қабылдау бөлігін қарастырамыз.

Сүзгінің негізгі мақсаты – суды механикалық қоспаларсыз өткізу және таза су қылып өткізу. Оның түрін және құрылымын ҚНЖЕ 2.04.02-84-ке сәйкес тандаймыз.

Сүзгіні есептеу.

Сүзгі өлшемдері сулы қабаттан ұңғымаға түскен кезде су қозғалысының рұқсат етілген жылдамдығын құру шартына байланысты анықталады. Ол үшін мына шарт орынлуы қажет:

$$Q_{ec} \leq F \cdot V_{\phi} \quad (51)$$

мұндағы Q_{ec} – ұңғымадан алынған ең жоғары есептік су шығыны, м³/тәу;

F – сүзгі бетінің ауданы, м²;

V_{ϕ} – сүзудің рұқсат етілген жылдамдығы, м/тәу;

$$F = \pi \cdot D_{\phi} \cdot l_{\phi}, \text{ м} \quad (52)$$

$$Q_{ec} = \frac{Q_{тр} \cdot 24}{n'}, \text{ м}^3/\text{тәу} \quad (53)$$

мұндағы, D_{ϕ} – сүзгі диаметрі, 0,16 м;

l_{ϕ} – сүзгінің жұмыс бөлігінің ұзындығы, м;

$$V_{\phi} = 65 \cdot \sqrt[3]{K_{\phi}}, \text{ м/тәу} \quad (54)$$

мұндағы K_{ϕ} – сүзу коэффициенті, қиыршық тас үшін $K_{\phi} = 100$.

Сонда,

$$V_{\phi} = 65 \cdot \sqrt[3]{100} = 301,7 \text{ м/тәу} \quad (55)$$

$$Q_{ec} = \frac{480 \cdot 24}{1} = 11520, \text{ м}^3/\text{тәу} \quad (56)$$

Сүзгі бетінің ең аз ауданы келесі формуламен анықтаймыз:

$$F = \frac{Q_{ec}}{V_{\phi}} = \frac{11520}{301,7} = 3,8 \text{ м}^2 \quad (57)$$

Сүзгінің ең аз ұзындығы:

$$l_{\phi} = \frac{F}{\pi D \phi}, \text{ м} \quad (58)$$

Сонда,

$$l_{\phi} = \frac{3,8}{3,14 \cdot 0,16^2} = 4,7 \text{ м} \quad (59)$$

Сүзгі бетінің ауданы:

$$F = 3,14 \cdot 0,16 \cdot 4,7 = 3,8 \text{ м}^2 \quad (60)$$

ҚНЖЕ кестесіне сәйкес сүзгілердің өтетін тесіктерінің өлшемдерін есептейміз:

$$\eta = \frac{d_{60}}{d_{10}}, \quad (61)$$

мұндағы d_{60} және d_{10} – сулы қабат құрамында 10 және 60 пайыз болатын бөлшектер өлшемі, $d_{60} = 5,5$ -ке, ал $d_{10} = 1,1$ -ке тең.

Сонда:

$$\eta = \frac{5,5}{1,1} = 5 \quad (62)$$

1.4.5 Сорап түрін таңдау

Қолданылатын сорап түрлері: ЭЦВ 5-6,5-120 және ЭЦВ 8-16-85. Бірінші сораптың қуаты 4 кВт, ал екінші сораптың қуаты 6,3 кВт болады. Энергиялық ресурстарды үнемді пайдалану үшін ЭЦВ 5-6,5-120 сорғысын қолданамыз. А.6 кестеде көрсетілген

Жылдық тұтыну энергиясын унемдеу (N), келесі формула көмегімен анықтаймыз:

$$N = T_{c.m} \cdot (N_2 - N_1) \cdot 365, \quad (63)$$

мұндағы $T_{c.m}$ – сораптың жұмыс жасау ұзақтылығы;

N_1 – бірінші сораптың энергия тұтыну мөлшері;

N_2 – екінші сораптың энергия тұтыну мөлшері;

Сонда,

$$N = 20 \cdot (6,3-4) \cdot 365 = 16790 \text{ кВт.} \quad (64)$$

1.5 Су тазарту ғимаратын жобалау

1.5.1 Су тазарту ғимараттар құрамы

Су тазалау ғимараттарды жобалаған кезде ауыз судың сапасын ұсынатын талаптар негізгі мәліметтер болып есептелінеді. Су тазарту ғимараттар құрылымы қолданушылардың тазаланған судың сапасына және табиғи судың сапасына байланысты белгіленеді. Ауыз суды тазалауда келесі процестер кіреді:

- 1) Судағы қалқыма заттарды коагуляндыру;
- 2) Реагентті тазаланатын сумен араластыру;
- 3) Коагулянттың жапалағы пайда болуына жағдай жасау;
- 4) Тұндыру процессі бойынша суды мөлдірету;
- 5) Бактерияларды ұстап қалу және суды соңына дейін мөлдірету;
- 6) Суды хлорлау немесе озондау;
- 7) Таза судың дәмі мен иісін кетіру;

Бүгінгі күні табиғи суларда өндірістің дамуына байланысты антропогендік қоспалардың көбеюі орын алып жатыр. Антропогендік қоспалары бар суды тазалау үшін келесі жолдарды қолдануға болады:

- 1) Хлорлауды озондауға алмасстыру;
- 2) Түрлі тотықтырғыштарды пайдалану;
- 3) Гидравликалық және механикалық камераларды қолдану;
- 4) Суды тұндыру мен мөлдірлету процестерін жоғарлату;
- 5) Суды сорбциялық тазарту;

Су тазарту ғимараттардың құрылымына оның түстілігіне, өнімділігіне және табиғи судағы қалқыма заттардың санына байланысты бөлуге болады. Қорытындылайтын болсақ, су тазарту станциясы бір-бірімен байланысты ғимараттардың жүйесі болып саналады.

1.5.2 Тазарту ғимаратының биіктік сұлбасын құрастыру

Тазартқыш ғимараттарды жобалауда алдын ала су тазарту станциясының биіктік сұлбасын құрау қажет. Биіктік сұлбаны ғимараттардың құрамын белгілеп алған соң, олардың есебі есептелініп, кейбір жерлері анықталады. Биіктік сұлбаны құру үшін алдымен таза су резервуарынан басталады.

Схеманы ұйымдастыру кезінде, жердің рельефіне, топырақ құрамына, ауылдың геологиялық және гидрогеологиялық құрылымына тікелей байланысты. Сұлбалардың ең пайдалы шешімін табу үшін келеі жағдайларды жасау қажет:

- 1) Ғимараттардың белгісі жер астындағы судың ең жоғары деңгейінен биік табиғи табанға салу қажет;
- 2) Тұнба мен судың өз бетімен ағатын жағдайын жасау қажет;

1.5.3 Тазарту ғимаратының өнімділігін анықтау

Тазартқыш станциясына келетін су шығыны құрамына станцияның қажеттілігіне қажет шығын және пайдаланушыларға қажетті шығын кіреді. Пайдаланушыларға баратын шығынды станцияның пайдалы өнімділігі деп айтамыз.

Өндіріс орнын сумен жабдықтағанда, технологтардың тапсырмасы бойынша әр затқа қажетті судың мөлшерімен анықтаймыз. Тазарту станциясының тәуліктік өнімділігін келесі формуламен анықтаймыз:

$$Q_{\text{таул}} = \alpha \cdot Q_n + Q_{\kappa}, \quad (65)$$

мұндағы α – ғимаратқа қажетті су мөлшері;

Q_n – ғимараттағы пайдалы өнімділік көрсеткіші;

Q_{κ} – өртті сөндіруге қажетті шығын;

Өрт сөндіруге қажетті шығын мына формуламен анықтаймыз:

$$Q_{\kappa} = \frac{3.6 \cdot 24 \cdot t(m \cdot q + m' \cdot q')}{T}, \quad (66)$$

мұндағы t_{θ} – өртті өшіру уақыты;

m – бір мезгілде болатын өрт саны;

m' – өндіріс орнындағы өрт саны;

q_{θ} – өртті сөндіруге кететін су шығыны;

q_{θ}' – өндіріс орнындағы өртті сөндіруге кететін су шығыны;

T_{θ} – жалпы өртті өшіруге жұмсалатын қорды толтыруға кететін уақыт;

$$Q_{\kappa} = \frac{3.6 \cdot 24 \cdot 1(10+3)}{24} = 46,8 \text{ м}^3/\text{тау}, \quad (67)$$

Сонда,


$$Q_{\text{таул}} = 1,04 \cdot 1540 + 46,8 = 1648,4 \text{ м}^3/\text{тау}. \quad (68)$$

1.5.4 Суды зарарсыздандыру


1 Суды хлорлау

Судағы бактериялар мен микроорганизмдерді жою үшін суды зарарсыздандыру әдістерін қолданамыз. Алайда, бактериялардың көбі суды тұндырғанда немесе сүзгенде қалқыма заттармен ұсталыны қалады. Зарарсыздандыру алдында су тазаланады, мөлдіретіледі, сүзіледі. Осы процестен соң қалқыма заттар қалмайды. Суды зарарсыздандыру әдістеріне суды хлорлау, бактерицид сәулесін түсіру және озондау жатады. Қазіргі таңда, хлордау әдісі кеңінен тараған. Ол үшін су тазарту станцияларында сұйық хлорды және хлордың әгін қолданады. Өнімділігі аз немесе төмен станцияларда хлордың әгін пайдаланады.

Суға сұйық хлорды қосқанда тұз қышқылы және хлорлылау қышқылы пайда болады.



Сосын хлорлылау қышқылының диссоциациясы өтеді:



$\text{Cl}_2 + \text{HOCl} + \text{OCl}^-$ - қосындысы «еркін активті хлор» деп аталады.

Хлордың мөлшерін дұрыс белгілеу маңызды. Хлордың мөлшері жеткіліксіз болса оның әсері нашар болады, ал мөлшері артық болса, онда судың дәмі бұзылады. Сондықтан хлордың мөлшерін тезнологиялық анализге негізделген судың қасиеті бойынша анықталады. Мөлдіретілген суға хлордың мөлшерін 2-3 мг/л шамасында, ал жер асты суын хлорлау үшін хлор мөлшерін 0,7-1,0 мг/л шамасында қабылдаған жөн. Су тазарту станцияларында көбіне қос хлорлату қолданылады. Оны алғашқы және соңғы хлорлау деп бөледі.

2 Суды озондау.

Озондау деп судан озондалған ауаны өткізуді айтамыз. Озондалған ауа дегеніміз ауадағы оттегі жартылай үш атомды формасына өткен ауаны айтамыз. Озонның хлорға қарағанда артықшылығы ол тікелей су тазарту станциясында өндіріледі. Бірақ қазіргі таңда суды озондау құны хлорлау құнынан 7-8 есе жоғары болып келеді. Озон мөлшерін 0,6-дан 3,5 мг/л-ге дейін судың қасиетіне қарай қабылдайды. Озонды озонаторда ауадан жәй электр разряд арқылы шығарады.

1 озонатордың өнімділігіне байланысты 1 сағатта 0,4-8 кг-ға дейін озон шығарады. Озон уытты заттарға жатады, сондықтан тыныс органдарын зақымдамайды.

3 Суды бактерицид сәулесімен өңдеу.

Ультракүлгін сәулелердің үлкен бактерицидті әсері бар. Бүгінгі күні, өндірісте жоғары қысымды сынап-кварцты шамдар шығарылған. Суды зарарсыздандыру үшін осы шамдар қолданылады. Бактерицидтік сәуленің әсері

жақсы болуы үшін су мөлдір болуы қажет. Бұл әдісті қолданған жағдайда судағы ешқандай реагентті қаратпайды және судың дәмі бұылмайды. Лайлылығы жоғары суларда және түстілігі бар суларда бұл әдісті пайдалануға болмайды.

1.5.5 Санитарлық қорғау аймағы

Санитарлық-эпидемиологиялық сенімділікті қамтамасыз ету және сумен жабдықтаудың барлық құрылыстарын халыққа берілетін судың сапасы мен санына кері әсер етуі мүмкін бұзушылықтардан қорғау үшін тұрмыстық және ауыз су мақсатында барлық жобаланған және қайта жаңартылған су құбырлары үшін санитарлық-қорғау аймақтары қарастырылуы керек.

Санитарлық қорғау аймағы үш белдеуден тұрады. Аймақтың бірінші белдеуі отыз метрлік радиуста құрылады. Бірінші аймақты, негізінде, тұрақты қорғаныспен және биіктігі 1,6 метрді құрайтын ағаштармен қоршап тастайды.

Екінші белдеу радиусы келесі формуламен есептелінеді:

$$R_2 = \sqrt{\frac{Q \cdot T}{\pi \cdot \mu \cdot m}}, \text{ м}, \quad (69)$$

мұндағы Q- тәуліктік максималды судың шығыны;

T- бактерияның өмір с.ру ұзақтығы;

m- су өткізгіштік көрсеткіші;

μ- сулы қабаттың су беру коэффициенті, μ=0,2.

Сонда,

$$R_2 = \sqrt{\frac{1594,94 \cdot 400}{3,14 \cdot 0,2 \cdot 40}} = 159,3 \text{ м}. \quad (70)$$

Санитарлық аумақтың үшінші белдеуінің радиусы келесі формуламен анықталады:

$$R_3 = \sqrt{\frac{Q \cdot T}{\pi \cdot \mu \cdot m}}, \text{ м}, \quad (71)$$

Сонда,

$$R_3 = \sqrt{\frac{1594,94 \cdot 10000}{3,14 \cdot 0,2 \cdot 40}} = 796,8 \text{ м}. \quad (72)$$

2 Су пайдалану нысандарының құрылыс технологиясы

2.1 Құбыр салынатын жердің тереңдігін есептеу

Жерді қазбас бұрын келесі факторларды білуіміз қажет :

- Қазылып жатқан ордың орны мен мақсаты;
- Топырақтың құрамы;
- Құбырдың ұзындығы мен түрі;
- Жұмыстың мезгілі;

Қалбатау ауылының орналасқан жерінің топырағы қиыршықтас болып келеді.

Б.1 кестесінде келтірілген.

Құбыр салынатын жердің ені мен тереңдігін келесі формула бойынша есептейміз:

$$B=D+2\cdot 0.3 \quad (73)$$

мұндағы D- құбыр диаметрі, 100мм;

Сонда,

$$B=0,1+2\cdot 0.3=0,7 \text{ м.} \quad (74)$$

Қазылып жатқан ордың тереңдігі төменгі формуламен анықталады:

$$H_{op}=h+D+\Delta H, \quad (75)$$

мұндағы h – жердегі тоңның қату тереңдігі,м;

D- құбыр диаметрі,мм;

Сонда,

$$H_{op}=0,22+0,1+0,15=0,47 \text{ м.} \quad (76)$$

Топырақтың көлемін келесі формула бойынша есептейміз:

$$W = \frac{B+b}{2} H_{op} L, \quad (77)$$

мұндағы L- құбырды жүргізу ұзақтығы.

Сонда,

$$W = \frac{0,7+0,8}{2} 0,47 \cdot 63000 = 22207,5 \text{ м}^3. \quad (78)$$

2.2 Бульдозер мен экскаватордың жұмыс өнімділігін анықтау

Бульдозердің ауысым бойынша өнімділігі келесі формуламен есептелінеді:

$$П = \frac{3600 \cdot L \cdot (b_0 \cdot \sin \beta - 0.5)}{m \left(\frac{L}{v} + t_n \right)} \cdot k_b, \quad (79)$$

мұндағы L - тегістелетін жердің ұзындығы, м;

b - бульдозер пышағының ұзындығы, м;

v -трактордың жылдамдығы;

t_n – трактордың бұрылу уақыты;

k_b - жұмыс жасау уақытын пайдалану көрсеткіші;

β - бульдозер пышағының бұрышы;

m -трактордың өту жолының саны;

Сонда,

$$П = \frac{3600 \cdot 100 \cdot (3,2 \cdot \sin 90 - 0.5)}{3 \left(\frac{100}{0,85} + 60 \right)} \cdot 0,6 = 1094,38 \text{ м}^2/\text{сағ}. \quad (80)$$

Полиэтилен құбырларының ішкі қысымы 0,25; 0,4; 0,6; 1 мПа болып, ал ұзындықтары 6,8,10 м болып шығарылады. Полиэтилен құбырлар траншеяға тікелей тегістелген түпке салынады. Үстінен топырақ себу екі реттен жүргізіледі. Алдымен жеңіл топырақпен, содан соң құбырдың үстіне 0,5 метрден жоғары жерге топырақ нығыздалады. Полиэтилен құбырларының ең маңызды шарттарының бірі- болат құбырларын үнемдеу.

Экскаватордың өнімділігін келесі формула бойынша табамыз:

$$П_{\text{э}} = П_{\text{т}} \cdot k_B = 60 \cdot q \cdot k_H \cdot k_{\text{п}} \cdot n - k_B, \quad (81)$$

мұндағы k_B – жұмыс уақытын пайдалану режимі;

K_H – толтыру көрсеткіші;

$K_{\text{п}}$ – айналдыру көрсеткіші;

q - шөміш сиымдылығы;

n - 1 минутта циклдың саны;

$$n = \frac{60}{t_{\text{ц}}}, \quad (82)$$

мұндағы $t_{\text{ц}}$ -минуттық циклдік сан, $t_{\text{ц}}=80$.

Сонда ,

$$n = \frac{60}{80} = 0,75. \quad (83)$$

$$П_{\text{э}} = 60 \cdot 0,4 \cdot 1,09 \cdot 2 \cdot 0,75 - 0,2 = 39,04 \text{ м}^3/\text{сағ}. \quad (84)$$

Экскаватордың сегіз сағаттық өнімділігін келесі формула бойынша анықтаймыз:

$$\Pi = 8 \cdot \Pi_{\text{э}}, \quad (85)$$

Онда,

$$\Pi = 8 \cdot 39,04 = 312,32 \text{ м}^3/\text{тау}. \quad (86)$$

3 Экономикалық бөлім

3.1 Судың өзіндік құнын есептеу

Судың өзіндік құнын келесі формула бойынша есептейміз:

$$B = \frac{\Xi}{Q}, \quad (87)$$

мұндағы Ξ - жылдық пайдалану шығыны, теңге;

Q - жылдық су шығын, м³;

Сонда,

$$B = \frac{34850630,0}{365 \cdot 1594,94} = 59.8 \text{ теңге}. \quad (88)$$

Тарифтік баға 1 м³ ауыз су үшін 135 теңге/м³ деп қабылдасақ, судың жалпы жылдық бағасы мынаған тең:

$$B = Q_{\text{жыл}} \cdot S, \text{ теңге} \quad (89)$$

мұндағы S -1 м³ ауыз су үшін төленетін тарифтік баға, теңге.

Сонда,

$$B = 582153 \cdot 135 = 78590655 \text{ мың теңге}. \quad (90)$$

Жоба жұмыстарынан түскен пайда келесі формула бойынша анықталады:

$$\Pi = B - \Xi, \text{ теңге} \quad (91)$$

мұндағы Ξ - жылдық пайдалану шығыны, теңге.

Сонда,

$$\Pi = 78590655 - 34850630 = 43740025 \text{ мың теңге}. \quad (92)$$

Өтемділік мерзімі дегеніміз бірнеше уақыт өткеннен соң алынған қаржы сомасы табылған кірістер сомасына тең. Бұл жағдайда коэффициент қаражатты қайтару үшін қанша қажет екенін көрсетеді.

Өтемділік мерзімін келесі формула бойынша анықтаймыз:

$$T = \frac{K}{\Pi}, \text{ жыл} \quad (93)$$

мұндағы K - капиталды қаржы, теңге.

$$T = \frac{52949575}{43740025} = 3,4 \text{ жыл.} \quad (94)$$

Жобаның экономикалық тиімділік коэффициенті пайданың капиталды қаржыға қатынасымен есептелінеді:

$$E = \frac{\Pi}{K} \quad (95)$$

мұндағы Π -пайда,теңге;

K - капиталды қаржы,теңге.

Сонда,

$$E = \frac{43740025}{52949575} = 0,8. \quad (96)$$

Егер экономикалық тиімділік коэффициенті 0,12-ге тең немесе 0,12-ден жоғары болса ,онда жоба техникалық-экономикалық тиімді деп есептелінеді. Яғни жобаның мақсаты дәлелденіп отырдалады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мемлекетіміздің экономикасы дамыған сайын, қалалармен бірге ауылдық елді мекендерде дамуы тиіс деп ойлаймын. Ауылды жерлерде тұратын халықты таза ауыз сумен қамтамыз ету ең маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Сумен жабдықтау жүйелері табиғи көздерден таза су алуды, оны тазартып, тасымалдап, тұтынушыларға беруді қамтамасыз ететін құрылыстар мен құрылғылар болып табылады.

Бұл дипломдық жобада Шығыс Қазақстан облысындағы Қалбатау ауылын сумен қамтамасыз ету жүйесі толықтай зерттеліп, мәліметтерге сай есептелінді. Қалбатау ауылын таза ауыз сумен қамтамасыз ету үшін жер астынан келетін су көзі тиімдірек болды.

Өз жобамды үш негізгі бөлімге бөлдім. Бірінші бөлімінде елді мекеннің жалпы жағдайын сипаттадым. Одан басқа шаруашылық, өндірістік, өртке қарсы су шығындарын есептедім. Суды тасымалдау, су алу ғимаратын жобалау, су тазарту ғимаратын жобалау бөлімдерін толықтай қарастырдым.

Екінші бөлімде құбыр салынатын жердің тереңдігін және бульдозер мен экскаватордың жұмыс өнімділіктеріне есептеп, анықтап шықтым.

Үшінші бөлімде суды өзіндік құнын есептедім және экономикалық тиімділікті есептеп, жобаның мақсатын дәлелдей алдым.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Суды тазалау техникасы және технологиясы. М.Мырзахметов., Е.Т.Тоғамбаев – Алматы, 2010 жыл.
- 2 Суды тасымалдау. М.Мырзахметов- Алматы, 2014 жыл.
- 3 Методические указания по проектированию инженерных систем подготовки воды – Москва, 2020 год.
- 4 Водоснабжение и водоотведение (Методические указания). О.Л.Локшина – Оренбург, 2008 год.
- 5 ҚР ҚН 4.01-03-2013. Сумен жабдықтау мен кәріздің сыртқы желілері және имараттары – Астана, 2015 жыл.
- 6 ҚНЖЕ 4.01.02-2009. Сумен жабдықтау. Сыртқы тораптар мен ғимараттар – Астана, 2009 жыл.
- 7 Водопроводные сети. А.М.Ратникова – Гомель, 2019 год.
- 8 Сумен жабдықтау және канализация. Тоғабаяв.Е.Т., Тойбаев К.Д – Алматы, 1999 жыл.
- 9 Сельскохозяйственное водоснабжение. Оспанов К.Т – Алматы: КазНТУ, 2014 год.
- 10 Сораптар, сорап станциялары және желдеткіштер. Қасымбеков Ж.Қ – Алматы, 2010 жыл.
- 11 Водоснабжение и ирригация. Антоненко В.Н – Алматы: КазНТУ, 2001 год.
- 12 Өндірісті сумен жабдықтау және суын әкету. Оспанов Қ.Т – Алматы, 2010 жыл.
- 13 Ауыл шаруашылығын сумен жабдықтау және суландыру. Оспанов Қ.Т – Алматы: ҚазҰТУ, 2011 жыл.
- 14 ҚР ҚНЖЕ 4.01-41-2006. Ғимараттардың ішкі су құбыры және канализациясы.
- 15 Қазақстан Республикасының Су Кодексі. «Бико» баспа үйі – Алматы, 2003 жыл.
- 16 Проектирование водопроводных сетей. Медиоланская М.М – Вологда, 2000 год.
- 17 Таблицы для гидравлического расчета водопроводных труб. Стройиздат, 2001 год.
- 18 Реконструкция систем водоснабжения: Расчет и проектирование. Хоружий П.Д. – Киев, 2003 год,
- 19 Водоснабжение. Абрамов Н.Н – Стройиздат, 2010 год.
- 20 Су алу ғимараттары және сорап станциялары. Қасымбеков Ж.К. – Алматы, 2011 жыл.

А Қосымшасы

А.1 Кесте – Шаруашылық-ауыз су тұтыну нормалары

Тұрғын үй құрылысы аудандарын абаттандыру дәрежесі	Жылына орташа тәуліктік тұрғынға су тұтыну, л/тәулік	1
Ішкі су құбырымен және кәрізбен жабдықталған ғимараттар: ваннасыз	125-160	
Ванналармен және жергілікті су жылытқыштармен	160-230	
Ванналармен және орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтаумен	230-350	
Су құбырымен және кәрізбен жабдықталған ғимараттарды салу(су тарату колонколарынан суды пайдалану)	30-50	

А.2 Кесте – Абаттандыру дәрежесіне байланысты су тұтыну нормалары

Тұрғын үй аудандарының абаттандыру дәрежесі	Су тұтыну нормасы, л/тәулік
Ішкі су құбырымен және су әкетмен жабдықталған тұрғын үйлер: автономды ыстық сумен жабдықталған;	100-150
Ішкі су құбырымен және су әкетумен жабдықталған тұрғын үйлер: орталықтандырылған ыстық сумен жабдықталған;	150-280

А Қосымшасының жалғасы

А.3 Кесте - β коэффициенттерінің мәндері

β	Жалпы тұрындар санын ескеретін коэффициент, мың адам										
	1	1,5	2,5	4	6	10	20	50	100	300	1000
$\beta_{\text{макс}}$	2	1,8	1,6	1,5	1,4	1,3	1,2	1,15	1,1	1,05	1,0
$\beta_{\text{мин}}$	0,1	0,1	0,1	0,2	0,25	0,4	0,5	0,6	0,7	0,85	1,0

А.4 Кесте – Өнеркәсіп шаруашылық- ауыз су тұтыну нормалары

Өнеркәсіп түрі	Ауысымда 1 адамға су шығынының нормалары, л	Су тұтынудың сағаттық әркелкілік коэффициенттері
1 м3/сағ-қа 84 кДж-дан астам жылу бөлетін цехтар	45	2,5
Қалған цехтар	25	3,0

А.5 Кесте – Сыртқы өрт сөндіруге жұмсалатын судың есептік шығысы және бір мезгілде болатын өрттердің есептік саны

Елді мекендегі тұрғындар саны, мың адам (дейін)	Бір мезгілдегі өрттердің есептік саны	1 өртке су шығыны, биіктігі 2 этажға дейінгі ғимараттар үшін	1 өртке су шығыны, биіктігі 3 этаждан жоғары ғимараттар үшін
1 мың адамға дейін	1	5	10
1-5	1	10	10
5-10	1	10	15
10-25	2	10	15
25-50	2	20	25
50-100	2	25	35
100-200	3	-	40
200-300	3	-	55
300-400	3	-	70
400-500	3	-	80
500-600	3	-	85
600-700	3	-	90
700-800	3	-	95
800-1000	3	-	100

А Қосымшасының жалғасы

А.6 Кесте – Сорап жабдықтарының маркасы

№ ұңғыма	Ұңғыма дебиті, м/сағ	Талап етілген арын,м	Қабылданған сорап маркасы	Нақты арын,м	Ескерту (арынды өшіру,м)
1	25	73,85	ЭЦВ 5-6,5-120	85	11,10
2	25	61,48	ЭЦВ 8-16-85	75	13,40

А.7 Кесте – Су алу көзіндегі су сапасы

Көрсеткіштер	Өлшем бірліктері	Су алу көзіндегі су сапасы	«Ауыз су» талабы
Лайлылық	мг/л	1,1	1,5
Иісі	балл	1,0	2,0
Дәмі	балл	1,0	2,0
Түстілік	брад.	8,0	20,0
Тотығу	мг/л	3,5	5,0
Аммиак азоты	мг/л	0,01	2,0
Кермектілік	мг/л	6,0	7,0
Құрғақ қалдық	мг экв/л	455,0	1000,0
Сульфаттар	мг/л	255,0	500,0
Хлоридтер	мг/л	65,0	350,0
Фтор	мг/л	1,1	1,5
Темір	мг/л	0,05	0,3
Микробтар саны	шт/мл	20,0	50 көп емес
Коли-индекс	шт/мл	2,0	3

А.8 Кесте – Сүзгіні таңдау


Сулы қабаттың жыныстары	Сүзгі түрі мен құрылымы
Қиыршықтас, қиыршықты құм бөлшектердің басым көлемі 2-5 мм (салмағы бойынша 50 пайыздан жоғары)	Суқабылдағыш беті бар сым орамнан немесе тот баспайтын болаттан жасалған қапталған табақтан жасалған өзекті және түтік сүзгіштер. Қалыңдығы 4 мм болат табақтан жасалған коррозияға қарсы жабыны бар, спиральды-өзекті сүзгіштер.

Б Қосымшасы

Б.1 Кесте – Топырақ құрамын есептеуге арналған ақпарат


Топырақ түрі	Жер жұмыстарының айлық көлемі, мың. м ³	Самосвалмен тасымалдау жолының қашықтығы, к. м.	Жоспарланған жердің ұзындығы, м.	Топырақтың төгілетін қабатының қалыңдығы, м.
Қиыр-шықтас	27	1,7	40	2,7

Қалбатау ауылының бас жоспары



						ҚазҰТЗУ.5В080500.36-03.2021,ДЖ			
						Шығыс Қазақстан облысындағы Қалбатау ауылы мен "Георгиевка " сорғы жабдықтары зауытын сумен қамтамасыз ету жүйесі			
өлш.	код №	бет	док. №	қолы	күні	Негізгі бөлім	Стадия	Бет	Беттер
Кафедра мең.	Алимова К.К.						0	1	
Нормбақыл.	Хойшиев А.Н.					Қалбатау ауылының бас жоспары М1:50000	С ж/еК институты ИЖж/еЖ кафедрасы		
Жетекші	Хойшиев А.Н.								
Кенесші	Хойшиев А.Н.								
Орындаған	Төлеуғалимова								

Су құбыры жүйесінің сызбасы




Технико -экономикалық көрсеткіштер

No	Аты	Өл. бір	Саны	Проектінің типтік №	Ескертпе
1	Кенттік су құбырының ұзындығы	м	47500	Елеулі	
2	1-ші көтеруден 2-ші көтергішке дейінгі су тартқыштың ұзындығы	м	3000		
3	Тереңдігі 35 м су жинау ұңғымалары	Дана	3	Елеулі	
4	Биіктігі 18 м, сыйымды, 50 м ² су тегеурінді мұнара	Дана	1		
5	Таза су резервуарлары, сыйымдылық. 1000 м ³	Дана	2	Елеулі	
6	БК 6-00-00 ПС су жинау колонкалары	Дана	127	Елеулі	
7	ПГ -3000 ПС өрт гидранттары	Дана	164	Елеулі	
8	ЕСV 8-40-90 маркалы суасты сорғылары	Дана	3	Елеулі	
9	Орталықтан тепкіш сорғылар -100-65-200	Дана	4	Елеулі	
10	Бактерицидті қондырғылар БМ 1 / НД 30	Дана	4	Елеулі	
11	КТП -2 x 160 трансформаторлық станциясы	Дана	2	Елеулі	
12	КТП -100 трансформаторлық станциясы	Дана	2	Елеулі	
13	Полиэтилен құбырлары Ø 90-нан 250 мм-ге дейін	м	33613	Елеулі	
14	Металл құбырлар Ø 15-тен 450 мм-ге дейін	м	2500	Елеулі	
15	Шойын ысырмалар 50-ден 420 мм-ге дейін	Дана	129	Елеулі	
16	Тексеру клапандары 50-ден 80 мм-ге дейін	Дана	7	Елеулі	
17	Д-15 мм манометрлер	Дана	2	Елеулі	

						ҚазҰТЗУ.5В080500.36-03.2021.ДЖ			
						Шығыс Қазақстан облысындағы Қалбатау ауылы мен "Георгиевка " сорғы жабдықтары зауытын сумен қамтамасыз ету жүйесі			
өлш.	код №	бет	док. №	қолы	күні	Негізгі бөлім	Стадия	Бет	Беттер
Кафедра мең.	Алимова К.К.						0	2	
Нормбақыл.	Хойшиев А.Н.					Су құбыры жүйесінің сызбасы М1:50000	С ж/еҚ институты ИЖЖ/еЖ кафедрасы		
Жетекші	Хойшиев А.Н.								
Кеңесші	Хойшиев А.Н.								
Орындаған	Төлеуғалимова								

Маштаб	Қабаттың №	Жыныстың сипаттамасы	Фильтірдің құрылысы	Қабаттың қуаты		
				бастан	дейін	барлығы
10	1	Саздақ	▲▲▲▲	0,00	8,5	8,5
20	2	Құмтас	▬▬▬▬	8,5	25,3	16,8
30	3	Саз балшықты тақтатаас	▬▬▬▬	25,3	55,3	30
40				55,3	76,6	21,3
50				76,6	82,6	6
60	4	Қиыршық құм	●●●●	82,6	102	19,4
70	5	Тығыз саз	▨▨▨▨	102	123,3	21,3
80	6	Ұсақ түйірлі құм	▬▬▬▬	123,3		
90						
100	7	Саз	▬▬▬▬			
110						
120						

Ұңғыманың жобасы



Ұңғыманың жобалық мінездемесі.


1. Ұңғыманың тереңдігі 120м.
2. Жобалық дебит - 120 м³/сағ
3. Статистикалық деңгей - 7 м.
4. Судың сапасы - минералды - 0,8 г/л
5. Сорпа түрі - ЭЦВ5 - 6,5 - 120

Ескерту


1. Ұңғыманың орнатылған жері гидрологиялық картада көрсетілген.
2. Ұңғыманың орналасатын фильтрлар ара қашықтығы бұрғылау уақытында анықталып жоба негізінде қойылады.
3. Ұңғыманың жобасы, анықтамалы ұңғыма негізінде түзіледі.

ҚазҰТЗУ.5В080500.36-03.2021.ДЖ					
Шығыс Қазақстан облысындағы Қалбатау ауылы мен "Георгиевка" сорғы жабдықтары зауытын сумен қамтамасыз ету жүйесі					
өлше.	код №	бет	док. №	күні	кузі
Кафедра мен.	Алимова К.К.			31.05	
Нормбақыл.	Хойшев А.Н.			31.05	
Жетекші	Хойшев А.Н.			31.05	
Кеңесші	Хойшев А.Н.			31.05	
Орындаған	Талғатқалимова Ж.			31.05	
Негізгі бөлім					Студия
Ұңғыманың жобасы					Бет
М1:100					Бетер



СУҚҰБЫР ҒИМАРАТТАРЫНЫҢ ЖОСПАРЫ



ТАЗА СУ РЕЗЕРВУАР ЖОСПАРЫ



СУ КӨТЕРУ МҮНАРАСЫНЫҢ АЛАҢШАСЫ




ЭКСПЛИКАЦИЯ


1. Су арынды мұнара
2. Таза су резервуары
3. II-ші көтеру сорғыш бекеті
4. Қосып-ажырату камерасы
5. Ұңғыма
6. Су қабылдағыш ғимараттар

ҚазҰТЗУ.5В080500.36-03.2021.ДЖ					
Шығыс Қазақстан облысындағы Қалбатау ауылы мен "Георгиевка" сорғы жабдықтары зауытын сумен қамтамасыз ету жүйесі					
атш	код №	бет	док. №	қолы	күні
Кафедра м.с.	Алимова К.К.				10.05
Нормабакыл.	Хойтис А.Н.				31.05
Жетекші	Хойтис А.Н.				31.05
Кеңесші	Хойтис А.Н.				31.05
Орындаған	Толсугалимова Ж.				31.05
Негізгі бөлім					Студия
СУҚҰБЫР ҒИМАРАТТАРЫНЫҢ ЖОСПАРЫ М1:100					Бет 4
					Беттер

Өндірістік жұмыстың технологиялық картасы



Жұмыс өндірісінің күнтізбелік графигі



Негізгі машиналар мен механизмдердің ведомосы

№	Аталуы	Үлгісі, маркасы	Саны	Ескерту
1	Экскаватор	ЭО-5166	1	
2	Бульдозер	T-20.01	1	
3	Автосамосвал	КРАЗ-65055	3	

ҚазҰТЗУ.5В080500.36-03.2021.ДЖ					
Шығыс Қазақстан облысындағы Қалбатау ауылы мен "Георгиевка" сорғы жабдықтары зауытын сумен қамтамасыз ету жүйесі					
Негізгі бөлім				Сталд	Бет
Өндірістік жұмыстың технологиялық картасы				5	Беттер
өлш.	код №	бет	док. №	код	күні
Кафедра мен.	Алимова К.К.	1	1	1	1
Нормбасқыл.	Хойшев А.Н.	1	1	1	1
Жетекші	Хойшев А.Н.	1	1	1	1
Кеңесші	Хойшев А.Н.	1	1	1	1
Орындаған	Толуғалиева Ж.	1	1	1	1